

Салтанат Жалмагамбетова

Astana IT University, жалпы білім бері пәндері

департаментінің сеньор-лекторы,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің докторанты

(Астана, Қазақстан)

e-mail: saltanat.zhalmagambetova@astanait.edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ФОРМУЛАСЫ

Аңдатпа. Мақалада еліміздегі үштілділік саясатын жүзеге асыру баяндалған, Қазақстанда осы бағытта атқарылатын іс-шаралар туралы сипатталып, үштілділіктің нормативтік-құқықтық негізі келтірілген. Автордың пайымдауынша, қазіргі кезде елімізде қазақ, ағылшын және орыс тілін еркін меңгеру - болашақта жастардың жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті маман болуына ықпал ететін бірден бір жайт. Сонымен қатар, мақалада Қазақстанның жоғары оқу орындарында үштілді білім беруді енгізу және дамыту процесі, сондай-ақ, еліміздің білім беру саласындағы үштілділік саясатын іске асыру ерекшеліктері қарастырылған. Бірнеше тілді жақсы білетін адам жаһанданған әлемде өзін жайлы сезінеді, оған үлкен ақпарат ағыны қол жетімді. Бұл оқу мен жұмыс мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сондықтан Қазақстанда көптілділік бастапқыда азаматтардың коммуника тивті бейімделуі ретінде қарастырылды. Қазақстанда үштілді білім беру - уақыт талабы. Оны енгізу идеясы білім мен дағдыларды кеңейтумен, сондай-ақ, адамдар арасындағы өзара түсіністікті дамытумен байланысты, ол үшін тілдерді жақсы білу керек.

Түйін сөздер: лингвистикалық орта, жаһандану, әлемдік қоғамдастық, интеграциялау, қазақ, орыс, ағылшын тілдері, мемлекеттік тілдік саясат, басты басымдықтар, халықаралық стандарттар, бәсекеге қабілеттілік, әлемдік ғылымға интеграциялану, инновация, үш тілді оқыту, тілдік стандарт

Салтанат Жалмагамбетова

ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ – УНИКАЛЬНАЯ ФОРМУЛА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы реализации политики трехязычия в стране, описаны мероприятия, проводимые в данном направлении в Казахстане, приведена нормативно-правовая основа трехязычия. По мнению автора в настоящее время в стране наряду с казахским языком молодежь в

совершенстве владеет также и английским языком, что способствует тому, чтобы в будущем стать конкурентоспособным специалистом в условиях глобализации. Также в статье рассмотрены особенности внедрения трехязычного образования в Республике Казахстан, а также рассмотрены особенности внедрения и реализации политики полиязычия в сфере образования. Человек, который свободно владеет тремя языками чувствует себя комфортно в современном мире, ему доступен широкий спектр информации, расширяются сферы образования и работы. Поэтому в Казахстане полиязычие стало рассматриваться как способ коммуникации между людьми. Внедрение трехязычия в казахстане – веление времени. Идея внедрения трехязычия связано с необходимостью развития взаимопонимания между людьми.

Ключевые слова: лингвистическая среда, глобализация, мировое сообщество, интеграция, казахский, русский, английский языки, государственная языковая политика, ключевые приоритеты, международные стандарты, конкурентоспособность, интеграция в мировую науку, инновации, трехязычное обучение, языковой стандарт

Saltananat Zhalmagambetova

TRILINGUALISM – A UNIQUE FORMULA OF THE STATE LANGUAGE POLICY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article deals with the implementation of the trilingual policy in the country, describes the activities carried out in this direction in Kazakhstan, provides the regulatory framework for trilingualism. According to the author, at present in the country, along with the Kazakh language, young people are also fluent in English, which contributes to becoming a competitive specialist in the future in the context of globalization. The article also discusses the features of the introduction of trilingual education in the Republic of Kazakhstan, as well as features of the introduction and implementation of the policy of multilingualism in the field of education. A person who is fluent in three languages feels comfortable in the modern world, a wide range of information is available to him, the areas of education and work are expanding. Therefore, in Kazakhstan, multilingualism began to be considered as a way of communication between people. The introduction of trilingualism in Kazakhstan is the call of the times. The idea of introducing trilingualism is connected with the need to develop mutual understanding between people.

Keywords: linguistic environment, globalization, world community, integration, Kazakh, Russian, English, state language policy, key priorities, international standards, competitiveness, integration into world science, innovations, trilingual education, language standard

Кіріспе

Тіл саясаты қазақстандық ұлттық мемлекеттілікті құрудың маңызды саяси құралы болып табылады. Оның жүзеге асырылуын қазақ тандық қоғамның ұлттық бірлігін шоғырландыру және нығайту факторы ретінде қарауға болады.

Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі жаңа әлеуметтік-саяси бағыттары елдің көпэтносты халқының қажеттіліктеріне сәйкес келетін тілдік, демографиялық және саяси ахуалдың ерекшеліктерін ескеретін тіл саясатын талап етеді. Қазақстан Республикасының Басшысы Қ.К. Тоқаев елдегі тіл саясаты мәселелеріне үлкен мән береді. Мақаланың мақсаты Қазақстандағы тілдік жағдайға сипаттама беру, тіл саясатының міндеттерін айқындау болып табылады.

Президент ана тілін қадірлеп, құрметтеу керек, бірақ басқа тілдерді үйренуден бас тартуға болмайтынын атап өтті.

«Ана тілі – бірліктің кепілі, басқа тіл – өсіп өркендеген өмірдің кепілі» деп айтылады. Тіл саясатының әрбір қадамын ойластырып жүргізуіміз жүргізу керек. Осылайша біз алға қойған мақсаттарға қол жеткізе аламыз», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Зерттеу әдістері

Мақаланы әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайынан (ҚР ОММ), Ұлттық академиялық кітапханасынан (ҚР ҰАК), Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасынан алынған материалдар қолданылды. Зерттеудің негізін Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасының негізгі ережелері құрайды. Мақаланы әзірлеу барысында талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Мақаланы әзірлеу барысында С.Оразалиновтың «Тіл тағдыры - ел тағдыры - Без языка нет народа» кітабы, «Қазақстанның полиэтникалық аймақтарындағы тіл құрылысы практикасындағы мемлекеттік тілдің рөлі және мониторингі» деген атаумен шығатын ақпараттық-әдістемелік бюллетені, «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты = Языковая политика в Республике Казахстан» деген құжаттар жинағы, «Қазақстандағы тіл саясаты» атты әлеуметтік зерттеу нәтижелері қолданылды.

Мақаланы жазуға деректемелік негіз болғаны Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасында тілдер туралы» заңы, «Қазақстан - 2030» стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

Зерттеу нәтижелері

Еліміздегі мемлекеттік тіл саясаттың бір нысаны болып табылатын үштілділік саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірленді.

Талқылау

Қазақстан – өзінің мәдени және тарихи мұрасы бар көпұлтты ел. Біртұтас мемлекетте экономикалық және саяси трансформация проблемаларымен қатар, көпұлтты қоғамды басқару проблемасы маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Саяси реформаларды жүзеге асыру барысында тілдік факторды теңгерімді есепке алудың неғұрлым икемді жолдарын іздеу тіл саясатының жүзеге асырылуы болып табылады. Республикадағы барлық

ұлттық топтардың мәдени және әлеуметтік даму проблемаларын біркелкі шешу жеке тұлғаның ана тілін үйренуге және қолдануға құқықтарының басымдығын мойындаумен, сондай-ақ, барлық ұлттардың құқықтық теңдігін сақтаған кезде мүмкін.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңда мемлекеттік бірегейліктің маңызды аспектілерінің бірі мемлекеттік тілдің болуы және белгілі бір басымдықтарға тіл саясатын ұстану болып табылатыны атап көрсетілген. Заң Қазақстандағы тілдік жағдайды барабар көрсетеді және барлық Қазақстан халықтарының мүдделерін қорғайды, республикада ұсынылған тілдердің дамуын жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған.

Тілді үйрену процесінде қысым көрсетудің қажеті жоқ. Тілді үйрену ерікті негізде болуы тиіс. Ең алдымен, осындай бағдарламалар атаулы болуы керек, әр аймақтың ерекшеліктеріне сәйкес келіп, ұлттық құрам үшін әртүрлі факторларды ескеруі керек [1, 34].

Қазақстанда тіл саясатын қалыптастыру тарихындағы басты сабақ – адамдарды тілді үйренуге және білуге ынталандыратын жалғыз тетік – бұл экономикалық орындылық пен қажеттілік.

Мемлекеттік тілді білу және бірнеше тілді меңгеру ел азаматтарының жеке бәсекеге қабілеттілігінің факторына айналады. Мемлекеттік деңгейде әрбір қазақстандық кем дегенде үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі тиіс деген пікірлер айтылуда. Бұл адамның өзін-өзі дамытуға, өз әлеуетін жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер береді, оған өз дүниетанымын айтарлықтай кеңейтіп, өз еліне мүмкіндігінше пайдалы болуға көмектеседі. Егемендік пен жаңа мемлекеттік тіл саясаты жағдайында Қазақстанда жаңа тілдік жағдайды қалыптастыруға қатысатын, бұрынғыдан өзгеше құндылықтарға бағдарланған жастар ұрпағы өсіп келе жатыр.

Үштілділік, шын мәнінде, көп тілділік адам санасын байытады, көзқарасы мен дүниетанымын кеңейтеді. Зерттеушілер мультилингвизмнің артықшылықтарын келесідей сипаттайды: «Бұл глобалисттік менталитеттің қалыптасуының маңызды факторы» бұл бірнеше тілде сөйлеудің тәсілі ғана емес, сонымен қатар бірнеше мәдени құндылықтарды сіңіретін ойлаудың ерекше түрі».

2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстанның 32 жоғары оқу орындарында пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін 5500 мұғалім даярлау басталды. Мақсаты – қашықтықтан және онлайн-оқытудың дамыған жүйелерін құру, мемлекеттік тіл мен үштілділікті белсенді дамыту. 2014 жылдан бастап Қазақстанның барлық мектептерінде үштілділікке көшу басталды, бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту енгізілді, ал одан әрі – жекелеген пәндер ағылшын тілінде оқытылатын болды.

Әлеуметтанушы Зарема Шауқенова қызықты тәуелділік пен заңдылықты анықтады. Мемлекеттік тілді меңгеру ұлттың басқа да мәдени құралдарын (дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар) меңгерумен қатар белгілі бір әлеуметтік жайлылықтың, белгілі бір этностық топтардың қоғамдық процестерге сәтті бейімделуінің елеулі факторларының бірі болып табылады. Мәселен,

зерттеуші жүргізген әлеуметтік сауалнама қорытындыларына сәйкес қазақ және орыс тілдерін меңгерген азаматтар сәттілікке жететінін көрсетті және олар елдің ағымдағы дамуы мен оның болашағына қатысты неғұрлым оптимистік көзқараста.

Тіл факторы ұлттың басты сәйкестендіру белгі ретінде өте маңызды. Осы бағыт бойынша қазақ ұлтының қазақ және орыс тілді топтары сараланды.

Қазақстанда тілдік жоспарлаудың бірегейлігі жаһандық ақпараттық кеңістікке интеграциялану және этносаралық келісімді сақтау үшін тілдік ортаны дамытудың объективті шарттарымен негізделген тіл саясаты жүзеге асырылуда [2, 29].

2007 жылы «Тілдің үштұғырлылығы» мәдени жобасының жүзеге асырылуы басталды. Үш тілді білу ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұл мәселелер жаңа аспектілермен толықтырыла отырып, ел басшылығының Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында, сондай-ақ «Бес институционалдық реформаларды іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының шеңберінде қаралған болатын.

Айта кететін жайт, бұл жобаны қоғам тарапынан барлығы бірдей қабылдаған жоқ. Бір жағынан көпұлтты мемлекетте тілдерді білу шарты мойындалды. Мысалы, ғалымдар бұл жобаны мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі деп бағалады.

Елде көптілді білім беруді дамыту бағыты бойынша нормативтік құжаттамалар қатарында бірінші болып Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған. Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген.

Осы заңға сәйкес барлық тілдер мемлекеттің қорғауында. Заңда мемлекеттік органдардың тілдердің жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті жағдайлар жасайтындығы көрсетілген. Шет тілдеріне де маңызды рөл беріледі. Бітімгершілік көпір болып табылатын халықаралық ынтымақтастық мемлекеттік тілде және Тараптардың уағдаластығы бойынша, кез келген шет тілінде, ұлтаралық әріптестікті дамыту мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін [3].

Әлемдік агенттіктердің сарапшылары әзірлеген талдауға сәйкес жоғары және кәсіптік білім беру бойынша Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында соңғы жылдары Қазақстанға 51-52 орын берді. Бұрынғы маман – кандидаттар мен ғылым докторларын даярлау әлемдік тәжірибе бойынша біртіндеп бакалавр-магистр-философия докторларын (PhD) даярлаумен және кредиттік оқыту технологиясын енгізумен ауыстырылған.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өз үндеулерінде, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне берген сұхбаттарында елімізде көптілділікті дамыту қажеттілігіне бірнеше рет баса назар аударды. Мемлекет басшысы түрлі ресми баяндамалар барысында Тілдердің үштұғырлылығы туралы бірнеше рет айтты. Бұл идея алғаш рет 2006 жылы Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтардың болашақ ұрпағы үшін кемінде үш тілді білу маңызды екенін атап өткен кезде айтылды. Бір жылдан кейін Президент «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске

асыруды ұсынды. «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді қолданатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы тиіс. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға табысты ықпалдасу тілі», – деп атап өтті Н.Назарбаев. Үшбірлік идеясы прагматикалық және шынайы болып табылады және өмірлік қажеттілікке байланысты пайда болды, өйткені қазіргі уақытта әлемге ашық және ақылды экономика деп аталатын елдер табысты болып табылады. Басқаша айтқанда, үшбірлік идеясын қарапайым және түсінікті формула білдіреді: біз мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Үшбірлік хабары әдемі тұжырымдама және тіл саясатының жаңа форматы ретінде ғана пайда болған жоқ, өмірлік қажеттілікке байланысты туындаған идея, мемлекеттік саясаттың тағы бір бағыты. Бүгінде ақылды экономиканы енгізетін және әлемге ашық елдер табысты дамуда. Аталған саладағы жетістікке әлемде басым тілдерді меңгеру арқылы қол жеткізіледі.

Бірнеше тілді меңгеру әрқашан елдер мен халықтардың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін. Тілдерді білу Ежелгі Египет заманында жоғары бағаланған, ол елде бірнеше тіл білетін аудармашылар иерархиялық баспалдақта артықшылықты позицияны иеленген және жиі салықтан босатылатын. Қазіргі Еуропада көптілділік жалпыға бірдей әрі қалыпты нормаға айналған. Кейбір елдерде бірнеше ресми мемлекеттік тілдер бар екендігі және олар қолданыста жүргендігі белгілі. Мысалы, Швейцарияда төрт ресми тіл бұрыннан белсенді қолданылуда. Әрине, бұл фактінің түсіндірмесі бар, қалыптасқан жағдайлар кезінде қабылданған маңызды шешімдердің қабылдануына байланысты және халықтың өмір сүру сапасына бағытталған - кез-келген мемлекет ел аумағында тұратын халықтың әл-ауқатын бірінші орынға қояды. Қазақстанға келетін болсақ, мемлекеттік қазақ тілінен басқа, орыс тілі де белсенді қолданылады - бұл танылған факт және ақиқат, бүгінгі күні көптілді білім беруді жүзеге асыру үрдісі қарқынды жүріп жатыр, ел халқы үшін шет тілі, ағылшын тілі қоғам өмірінің салаларында жалпыға бірдей танылған мәдениетаралық және ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде белсенді қолданылады.

Осылайша, Қазақстан өз азаматтарының үш тілді меңгеруіне бағыт ала отырып, бүгінгі күні тілдердің үштұғырлығы елдің бәсекеге қабілеттілігінің дәлелі болып табылатындығын назарға алуда. Көпұлтты Қазақстан жағдайында тілдердің ұсынылған үштұғырлығы қоғамдық келісімді нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Бұл ретте үш тілді дамытуға басымдық беру Қазақстан халықтарының басқа да тілдерінің назардан тыс қалатынын білдірмейтінін атап өткен жөн. Мәдениеттер мен тілдердің алуан түрлілігі – Қазақстанның ұлттық қазынасы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекет бүкіл посткеңестік кеңістікте бүкіл Қазақстан халқының мүдделерін үйлесімді ескеретін ең либералды тіл саясатын жүргізуде. Ол іс жүзінде еліміздің барлық этностарының тілдік құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді, қарым-қатынас, тәрбие, оқыту және шығармашылық тілін еркін таңдауды қамтамасыз етеді. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептермен қатар

бүгінде елімізде аралас тілде оқытатын 2067 мектеп және қандай да бір ұлттық тілде оқытатын 90 мектеп жұмыс істейді. Елде диаспоралардың тілдік сұраныстарын қанағаттандыру үшін жексенбілік мектептер мен этнолингвистикалық орталықтардың кең желісі құрылды. Олардың саны жыл сайын артып келеді [4, 57].

Шынында да, біздің елімізде біз мақтана алатын барлық этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытудың бірегей формуласы әзірленді. Сонымен қатар, біз «Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызы бар мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі» екенін есімізде сақтаймыз. Мұны әлемдік тәжірибе растайды. Францияның сыртқы әлеммен бәсекелестік жағдайында отандық мәдениет пен мемлекеттік тілді нығайтуға, сондай-ақ қолдауға қанша күш жұмсағанын еске түсірейік. Ұлыбритания мен Германияға қанша мигрант үнемі келетіні белгілі, бірақ барлық жерде мемлекеттік тіл басым рөл атқарады.

Қазақстанда қазақ тілін меңгеру үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда курстар ашылған, ғылыми-әдісте мелік материалдар шығарылып, таратылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген ұлты қазақ емес мемлекеттік органдардың қызметкерлері материалдық тұрғыда көтермеленеді. Біздің көптеген отандастарымыз қазақ тілін үйренуді өзінің патриоттық парызы деп түсінеді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді білу жеке бәсекеге қабілеттіліктің, кез-келген қызмет саласында мансаптық өсудің факторы болып табылатындығы туралы түсінік пайда болды. Екінші жағынан, орыс тілінің ұстанымдарын сақтаудың негізгі қажеттілігін ескеру қажет. Орыс тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі рөлі бәріне түсінікті және оның интеграциялық функциялары белгілі. Жақын болашақта орыс тілін білу жеке бәсекеге қабілеттіліктің факторы болып қала береді [5, 38].

Ал тіл саясатының үшінші компоненті ағылшын тілін үйрену қажеттілігімен байланысты. Бүгінгі таңда ағылшын тілін білу үлкен ақпарат пен инновацияның үлкен ағынымен үлкен жаһандық әлеммен байланыстың орнатылуына мүмкіндіктер туындайды. Бұл шет тілін меңгеру әлемнің үздік жоғары оқу орындарында шетелде білім алуға мүмкіндік береді және әлемнің озық елдерінде практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік туғызады. Ағылшын тілін білу - бұл әлемнің кез келген жерінде іскерлік қарым-қатынас пен бизнесті жүргізудің міндетті талабы.

Шын мәнінде, Қазақстандағы тілдердің үштұғырлығы – қоғам қолдауы тиіс елді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұжырымдама. Тілдік Үшбірлік идеясы, шын мәнінде, бәсекеге қабілетті Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына бағытталған ұлттық идеологияның бір бөлігі болып табылады – үздіктер арасында тең болу.

Қазақстандағы тілдердің дамуы және мемлекеттік саясаттың осы саласындағы кейбір мәселелерді шешу жолдары туралы өз пікірін ҚазАқпарат тілшісімен «Полилингвизм: тіл - сана - мәдениет» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының қатысушысы Сизтл университетінің (АҚШ)

Орталық Азия мен Қазақстанды зерттеу орталығының директоры Уильям Фиерман бөлісті, ол көптілділік туралы өз ойларымен бөлісті. Оның пікірінше, қазақ тіліне көбірек көңіл бөліп, қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесін енгізу керек, сондай-ақ «бірінші кезекте балаларды мемлекеттік тілді үйренуге қызықтыру қажет. Осылайша, барлық ұлттардың өскелең ұрпағының қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыра алатын жақсы балалар телебағдарламаларын әзірлеу қажет». Фиерман мырзаның айтуынша, ағылшын тілі тез арада Қазақстанда маңызды позицияны иелене бастады және болашақ үшін бұл өте жақсы үрдіс. Фиерманның пайымдауынша біздің елімізде орыс тілі бүгінгі күні кеңінен таралған және әлі де Қазақстанда ұзақ уақыт белсенді жұмыс істейтін болады.

Қазіргі кезде ел Үкіметі елімізде көптілділік векторын іске асырумен белсенді айналысуда. Білім және ғылым министрлігі «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» республикалық бюджеттік бағдарламасын іске асыруға бастамашылық жасады, оның шеңберінде Қазақстанның барлық өңірлеріндегі ЖОО оқытушыларының кәсіби бағдарланған ағылшын тілі бойынша тілдік біліктілігін арттыру жүзеге асырылады [5, 39].

Көптілді білім берудің қазақстандық моделін іс жүзінде жүзеге асырудың табысты мысалы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және Назарбаев Университеті болып табылады, онда оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі.

Бірнеше шет тілдерін меңгерудің халықаралық стандартты деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін көптілді білім беру тұжырымдамасы әзірленген.

Қорытынды

Мақалада келтірілген пайымдауды түйіндей келе тиімді мемлекеттік тіл саясатын әзірлеу нақты тілдік жағдайды барабар бағалауды көздейді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы тіл саясатының басым бағыттары нақты айқындалды, алайда оларды жүзеге асыру экономикалық саладағы проблемалар мен қайшылықтармен, этносаралық бәсекелестікпен, Тілдер туралы Заңды іске асырудағы қиындықтармен қиындады.

Осылайша, көпмәдениеттілік пен көпұлттылық қазақстандық қоғамда маңызды ресурсқа айналуға. Қазақстандағы үш тілді білім беру ерекшелігі тіл саясатын дамытудағы тарихи алғышарттармен негізделген.

Үш тілді білу – олардың бірілігінде. Қазақстандағы тіл саясатының негізіне жаһандық ақпараттық кеңістікке интеграциялануға және этносаралық келісімді сақтауға қажетті лингво-мәдени ортаны дамытудың объективті шарттарымен негізделген осы бірлік идеясы қаланған.

Қазақстандағы заманауи тіл саясаты қоғамдық келісімді нығайтудың маңызды факторы ретінде тілдердің үштұғырлылығы туралы толық айтуға мүмкіндік береді. Біздегі тіл саясаты Қазақстанда қоғамда саяси тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін лингвистикалық баланстың орнағанын, қазақ-орыс билингвизмі мен полилингвизмін дамыту үшін жағдайлар жасалағанын толық дәлелдейді.

ӘДБИЕТТЕР:

1. С.Оразалинов. Тіл тағдыры - ел тағдыры. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 1997. – 270 б.
2. Қазақстанның полиэтникалық аймақтарындағы тіл құрылысы практикасындағы мемлекеттік тілдің рөлі және мониторингі. №10 Ақпараттық-әдістемелік бюллетень. - Қостанай, 2002. - 159 б.
3. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты (Құжаттар жинағы) / ред. алқасы: Е. Ш. Шаймерденов; Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі; Тілдерді дамыту департаменті. - Астана: Елорда, 1999. - 214 б.
4. Қазақстандағы тіл саясаты: (әлеуметтік зерттеу нәтижелері). Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті; Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана, 2011. - 138 б.
5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері: Мемлекеттік органдарға арналған талдау материалдары мен әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ғылыми-сарапшылық кеңесі. - Астана, 2012. - 516 б.

REFERENCES:

1. S. Orazalinov. Til tagdyry - el tagdyry [The fate of the language is the fate of the country]. – Almaty: Karzhy-Karazhat, 1997. - 270 p.
2. Kazakh polyethnic aymaktaryndagy til qurylysy practicasyndagy memlekettik tildin roli zhane monitoring. No. 10 Aqparattyq - adistemelik bulletin / - Qostanay, 2002. - 159 p.
3. Qazaqstan Republicsyndagy til sayasaty [Language policy in the Republic of Kazakhstan] (Kuzhattar zhinagy) / ed. Alkasy: E. Sh. Shaimerdenov; Qazaqstan Respublikasynyn Madeniet, akparat zhane kogamdyk kelisim ministerligi; Tilderdi lady of the department. - Astana: Elorda, 1999. - 214 p.
4. Kazakhstandagy til sayasaty: (aleumettik zertteu natizheleri); [Language policy in Kazakhstan: (results of social research)] Qazaqstan Republisyy Madeniyet ministrilgi, Til Commiteti, Aleymettik-sayasi zertteuler institutes - Astana, 2011. - 138 p.
5. Qazaqstan Republics memlekettik ethnosayasat imperativteri. Memlekettik organdarga arналған taldaу [Imperatives of state ethnopolitics of the Republic of Kazakhstan: analytical materials and methodological recommendations for state bodies.]. Qazaqstan Qalky Assemblies, Gylymi-sarapshylyk kenesi. - Astana, 2012. - 516 p.